

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

04.12.2025 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1. Ж.Шалабаева - аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Тұрсынбаева Назира Жолдасбекқызы - PhD, аға оқытушы;
3. Бейімбет Әліпбай Мықтыбекұлы - PhD, аға оқытушы
4. Джумадуллаева Асель Нурдуллаевна - т.ғ.к., доцент;
5. Рысбекова Айман Қалышбаевна - п.ғ.к., аға оқытушы;
6. Тасова Асел Баймурзаевана - PhD, аға оқытушы;
7. Паштанов Султан Усенович - аға оқытушы;
8. Султанбек Малик Жұпанбекұлы - PhD, аға оқытушы;
9. Әділбекова Забираш Ашимхановна - доцент м.а., т.ғ.к.,
10. Нурунбетова Салтанат Елеусизовна - докторант;
11. Ақтайқызы Жансая - МНҚ-411 магистрант;
12. серікбай Нұрай Бакытбайқызы - студент;
13. А.Қиянбекова - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу (*Баяндамашы: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы: Ж.Шалабаева*).
2. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерінің дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау (*Баяндамашылар: кафедра меңгерушілері*).
3. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылыми және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау (*Баяндамашы: ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары декан орынбасары PhD, аға оқытушы Ә.М.Бейімбет*).
4. Әртүрлі мәселелер

Күн тәртібіндегі мәселер бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы: Ж.Шалабаева сөз алып:

Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ж.Шалабаева Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу бойынша сөз алып, ПОҚ білім алушыларға білім беру тәжірибесінің қалыптасқанын атап өтті. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы білім беру бағдарламасының нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін анықтау және оны жетілдіру жолдарын айқындап: Оқыту нәтижелерінің нақты критерийлерін белгілеу, Білім алушылардың оқу жетістіктеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізу, Нәтижелерге сүйене отырып оқу

процесін түзету, Білім сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу, Жеке білім траекторияларын ескере отырып кері байланыс ұйымдастыру қарастырылған.

Оқу жетістіктерін талдау нәтижелері барысында, кей пәндер бойынша білім алушыларда қиындықтар байқалды, себебі тілді жеттік меңгерту (орыс, ағылшын, түрік) қажет. Бағалау критерийлері түсінікті, бірақ кей білім алушыларға жеке қолдау қажет. Факультет тарапынан мониторинг жиі әрі жүйелі жүргізіле отырып, нәтижелер бойынша оқу бағдарламасына қажет жағдайда өзгеріс енгізілулер қажет.

Оқытудың озық тәжірибесін, енгізу тарату мәселелері әлі де болса факультетте атқарылуға тиісті жұмыстардың қатарында. Солардың бірі, арнайы электрондық оқулықтарды дайындаудың сапасын арттыру қажет. Факультеттің оқу әдістемелік комитет жұмыс жасайды. Бұл мәселелердің сапасын арттыруды жолға қою керек.

Шешім: Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу сапасын артыру жұмыстары жүргізілсін.

2. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерінің дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау (*Баяндамашылар: кафедра меңгерушілері*).

ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау. Бұл жөнінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ж.Шалабаева сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен кафедралар толық 82% қамтылғандығы баяндалды. Оқу жылы басында пәндер бойынша әдебиеттер тізімі жаңартылды. Кейбір жаңа пәндерге заманауи әдістемелік құралдар тапшылығы бар.

Кафедралар оқытушылары өздерінің шығарған оқу құралдары мен оқу әдістемелік құралдарының (кафедраларда ББ оқулықтармен қамтудың жоспары дайындалған), ОПК оқу құралдарын және электронды нұсқадағы кітаптарды баспадан шығарып, университет кітапханасына өткізді. Бұл үрдіс жалғасуда. Осы оқулықтармен оқу құралдарының және арнайы қол жетімді сайттағы кітаптар негізінде І - қосымшалары толтырылып кітапханаға өткізілді. Сонымен қатар, оқулықтар қорын жаңарту мақсатында пәндерді оқытуға арналған оқулықтарды сатып алу үшін университет кітапханасына ұсыныс берілуде.

Кафедрада ББ пәндерін оқулықтармен қамтамасыз студі жетілдіру керек. Себебі, факультетке қатысты мамандықтарда орыс, ағылшын, түрік тіліндегі әдебиеттер қорын толықтыру қажеттігі бар. Себебі, студенттер үшін үш тілдегі әдебиеттер қоры жеткіліксіз.

Сонымен қатар, кафедраларда оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар дайындау мәселесі бар екенін айта кету керек.

Шешім: ББ пәндерінің оқу әдебиеттерінің дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.

3. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі

ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.

Қожа Ахмет Ясауиатындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сайты әлемдік ақпараттық кеңістікте Университет атынан өкілдік ететін ресми сайт болып табылады.

- Университет туралы ресми мәліметтер берілген;
- Білім беру бағдарламалары мен жаңалықтар жарияланған;
- Талапкерлер мен білім алушыларға арналған ақпараттар ұсынылған;
- Халықаралық әріптестік пен ғылыми байланыстар қолға алынған.

Сайтты бағдарламалық-техникалық және ақпараттық әкімшілігін IT департаменті мен университеттің Ақпарат орталығы УЕ-ХҚТУ-050-2020 Ахмет Ясауиуниверситетінің ресми сайты бойынша ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеу сіз қолжетімділік пен қамтамасыз етілген:

- Университеттің ресми сайтына;
- Университет кітапханасы;

Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы толық ақпарат оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешенінде ұсынылған және білім алушының жеке логині мен құпия сөзі бойынша университет сайтынан қолжетімді.

Сайтта орналастырылатын материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ресми ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс: жалған ақпарат орналастыруға, нормалан баған лексиканы пайдалануға, дінин емесе ұлтаралық алауыздықты қоздыратын, зорлық-зомбылыққа және т.б. шақыратын ақпараты бар ресурстарды орналастыруға тыйымсалынады. Мониторинг барысында ӘГУ факультеті бойынша ақпараттың уақтылығы, өзектілігі, нақтылығы қанағаттанарлық деңгейді көрсетті.

Шешім: ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылыми және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау

Мәжіліс төрағасы:

Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:

Ақтайқызы Ж.